

**Д.Төленов атындағы мектеп-гимназиясы бойынша
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының**

Хаттамасы №4

Махамбет ауылы

« 23 » қараша 2023ж

Қатысқандар:

Ж.Отарғалиева - қамқоршылық кеңес төрағасы;
А.Дүйсембаева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Г.Утебалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
А.Уразалиева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Ж.Аруева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Б.Сүйеуова - қамқоршылық кеңес мүшесі;
О.Джалмуханова - қамқоршылық кеңес мүшесі;
Б.Себекбаева - қамқоршылық кеңес мүшесі;
М.Тулешова - мектептің әлеуметтік педагогы, хатшы;

Күн тәртібінде:

1. Аудандық білім бөлімінің №06-01-06-12-06-04-10/1730 санды хатына сәйкес Д.Төленов атындағы орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылындағы Аудандық жаңа-жыл мерекелік шараға қатынасатын балалардың тізімін шығару.

Тыңдалды:

Мектептің әлеуметтік педагогі: Тулешова Майра

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық білім бөлімінің хатына сәйкес әлеуметтік осал топ санаты бойынша: жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған, үйден оқытумен қамтылған ерекше балалар және де ішкі істер органдарының №144 санатымен «Жайсыз отбасы» есебінде тұрған отбасы балалары ұсынылуы қажет. Мектебімізде 646 оқушы бар. Көп балалы отбасы саны -125 , аз қамтылған отбасы саны -142, ерекше білімді қажет ететін – 11 оқушы, үйден оқитын – 2 оқушы, «жайсыз отбасы» есебінде 2 отбасының 3 баласы білім алады. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар жоқ. Жоспарланып отырған шараға мектебімізден әлеуметтік санаттағы отбасы балалар ішінен 3 оқушы қатысуы керек.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі: А.Уразалиева

Әлеуметтік педагогтың ұсынған мәліметтерге сәйкес денсаулығына байланысты үйден оқитын 4б-сыныбының оқушысы Бауыржан Сұлтанды және 5ә-сыныбының оқушысы Мұрат Шапағатты ұсынамыз. Себебі, атаулы мерекеде денсаулықтарында кінараты бар балалардың көңіл-күйін көтеріп,

демалыс ұйымдастыру керек. Аудандық Жаңа-жылдық шараға осы оқушылар қатысуға лайықты.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі: А.Дүйсембаева

Таныстырылған хат негізінде шараға 3 оқушы сұратылған екен. Жоғарыда аталған осал топ санаттағы отбасы балалар ішінен жайсыз отбасынан шыққан 9б-сыныбында оқитын Рүстемқызы Іңкәрді ұсынамыз. Себебі, отбасында 4 бала тәрбиеленіп, оның 3-еуі мектеп жасындағы балалар, әкесі жұмыссыз, анасы декреттік демалыста.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы: Ж.Отарғалиева

Жоғарыда ұсынылған денсаулығына байланысты үйден оқитын әлеуметтік осал топ санатындағы отбасы балаларын аудандық жаңа-жылдық мерекелік шараға қатысуға лайық деп санаймыз. Бұған дейін бұл оқушылар жаңа-жылдық шараға қатыспаған.

Қамқоршылық кеңес қаулы етеді:

2. Аудандық жаңа-жылдық мерекелік шараға Бауыржан Сұлтан, Мұрат Шапағат және Рүстемқызы Іңкәр дайындықпен қатысуы баланың ата-аналарына жүктелінсін.
3. Ауданға ұсыну әлеуметтік педагог М.Тулешоваға міндеттелсін.

Кеңес төрағасы:



Ж.Отарғалиева

Кеңес хатшысы:



М.Тулешова